

**«Биология» пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар**

9-сынып

Нұр-Сұлтан, 2019

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 9 -сынып оқушыларына "Биология" пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар (қазақ тілінде білім беретін) 9-сыныптың "Биология" пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім/ ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге оқушылардың тоқсан бойынша жоспарланған Оқу мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім/ ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта оқушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныс негізгі мектеп мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет - сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

1 – ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	4
9.1А «Жасушалық биология» және 9.1В «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, биосфера және экожүйе»	4
9.1С «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	9
9.1D «Қоректену» және 9.1Е «Заттардың тасымалы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау ..	13
2 – ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	19
9.2А «Тыныс алу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	19
9.2В «Бөліп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	22
9.2 С «Координация және регуляция» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	26
3 – ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	30
9.3А «Қозғалыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	30
9.3В «Молекулалық биология» және 9.3С «Жасушалық цикл» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау.....	34
9.3D «Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» және 9.3Е «Микробиология және биотехнология» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау	38
4 ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ	43
9.4 А «Көбею» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	43
9.4 В «Өсу мен даму» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	47
9.4 С «Эволюциялық даму» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	50

1 – ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

9.1А «Жасушалық биология» және 9.1В «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, биосфера және экожүйе»

Оқу мақсаттары	9.4.2.1 Өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру
	9.4.2.2 Микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу
	9.1.1.2 Өсімдіктер мен жануарлардың ерекше белгілерін ағзаларды анықтауда қолдану (анықтауыштар бойынша)
	9.3.1.4 Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызбасын құру

Бағалау критерийлері

Білім алушы:


- Өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды
- Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептейді
- Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін қолданады
- Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызба түрінде көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма

1. Төменде диаграммада жасыл жапырақтың борпылдақ мезофилл жасушасы берілген.




Жануар жасушасына тән емес құрылымдар қандай сандармен берілгенін анықтаңыз:

- A. 1,3 және 4
- B. 1,4 және 5
- C. 2,3 және 4
- D. 3,4 және 5

2. Сызбада тірі ағзаның жасушасы берілген.

(a) Жасушаның қандай ағзаға тән екенін анықтаңыз.

(b) H және G әріптерімен берілген органоидтарды және олардың қызметтері туралы кестені толтырыңыз.



Органоид аты

Атқаратын қызметі

Н


G

3. Оқушы митохондрияның диаграммасын салды.

Оның сызықтық ұлғаюы $\times 20000$, ұзындығы 5 см.
Митохондрияның нақты өлшемін анықтаңыз.



4. Суретте бес әр түрлі сүтқоректі жануарлар және оларды ерекше белгілері бойынша ажырататын кілт берілген.



Кілтті қолдана отырып сүтқоректілерді анықтаңыз.

Кілт

Сипаттамалары	Сүтқоректінің атауы
(a) құлағының ұзындығы басының мөлшерінен артық	<i>O. cuniculus</i>
(b) құлағының ұзындығы басының мөлшерінен кем	2-ге өтіңіз:
2 (a) құйрығындағы терісі бір ғана түсті	3 өтіңіз
(b) құйрығының ұшындағы терінің түсі әр түрлі	4-ке өтіңіз
3 (a) аяғында жарғақ бар (саусақтарының арасында тері)	<i>M. vison</i>
(b) аяғында жарғақ жоқ (саусақтарының арасында тері болмайды)	<i>M. leucurus</i>
4 (a) құйрығының ұшындағы терінің түсі ақ	<i>V. vulpes</i>
(b) құйрығының ұшындағы терінің түсі қара	<i>M. erminea</i>


Жауап кестесі:

Сүтқоректі

Сүтқоректі атауы

- A
- B
- C
- D
- E

5. Сызба көміртек айналымының бір бөлігі туралы ақпарат береді.



(a) A, B, C және D әріптерімен берілген үрдістерді атаңыз.

- A _____
- B _____
- C _____
- D _____

(b) Аталған тірі ағзалардың өздеріне ғана тән қосылыстар туралы кестені толтырыңыз.

Тірі ағзалар	Қосылыс аты
Өсімдіктер	
Жануарлар	

(c) Жануар тіршілігін жойғанда оның денесіндегі көміртек көмірқышқыл газы күйінде атмосфераға өтеді. Осы үрдіс қалай жүретінін түсіндіріңіз.

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды	1	сызбадан жануар жасушасына тән емес құрылымдарды анықтайды;	1
	2 (a)	сызбада берілген жасушаның қандай ағзаға тән екенін анықтайды;	1
	2 (b)	<i>H</i> және <i>G</i> әріптерімен берілген органоидтарды атайды;	1
		<i>H</i> және <i>G</i> әріптерімен берілген органоидтардың қызметтерін анықтайды;	1
Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептейді	3	сызықтық ұлғаюдың формуласын көрсетеді;	1
		сызықтық ұлғаюдың формуласын түрлендіре алады;	1
		биологияда қолданылатын өлшем бірліктерді біледі;	1
Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін қолданады	4	A суретіндегі сүтқоректіні анықтайды;	1
		B суретіндегі сүтқоректіні анықтайды;	1
		C суретіндегі сүтқоректіні анықтайды;	1
		D суретіндегі сүтқоректіні анықтайды;	1
		E суретіндегі сүтқоректіні анықтайды;	1
Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызба түрінде көрсетеді	5	A әріпімен берілген үрдісті анықтайды;	1
		B әріпімен берілген үрдісті анықтайды;	1
		C әріпімен берілген үрдісті анықтайды;	1
		D әріпімен берілген үрдісті анықтайды;	1
		өсімдік ағзасындағы көміртекті қосылысты анықтайды;	1
		жануар ағзасындағы көміртекті қосылысты анықтайды;	1
		жануар ағзасындағы көмірқышқыл газының атмосфераға өту үрдісін түсіндіреді;	2
Барлығы			20

«Жасушалық биология және тірі ағзалардың көптүрлілігі, экология және биосфера» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін сипаттайды	Өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін сипаттауда қиналады <input type="checkbox"/>	Жануар жасушасына тән емес құрылымдарды / жасушаның қандай ағзаға тән екенін анықтауда, жануар жасушасына тән органоидтарды атауда / қызметтерін жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін дұрыс сипаттайды <input type="checkbox"/>
Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептейді	Микрофотографияны қолданып жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеуге қиналады <input type="checkbox"/>	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеуде, формуланы түрлендіруде өлшем бірліктерді қолдануда, бір жүйеге келтіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын дұрыс есептейді <input type="checkbox"/>
Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін қолданады	Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Ағзалардың морфологиялық белгілерін оларды анықтауда, теза, антитезаларды қолдануда, А/В/С/ D/E ағзаларын анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ағзаларды анықтауда өсімдіктер жануарлардың ерекше белгілерін дұрыс қолданады <input type="checkbox"/>
Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызба түрінде көрсетеді	Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызба түрінде көрсетуде қиналады <input type="checkbox"/>	Табиғатта көміртегі айналымы барысында жүретін А/В/С/ D үрдістерін, өсімдік және жануар ағзасындағы көміртекті қосылысты анықтағанда, жануар ағзасындағы көмірқышқыл газының атмосфераға өту үрдісін түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызба түрінде дұрыс көрсетеді <input type="checkbox"/>

9.1С «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары

9.3.2.1 Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру.

9.3.2.3 Парниктік эффекттің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру

9.3.2.4 Озон қабатының бұзылуы себептері мен салдарын түсіндіру

Бағалау критерийлері

Білім алушы:


- Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін сипаттайды
- Тірі ағзаларға парниктік эффекттің әсерін түсіндіреді
- Озон қабатының бұзылуы себептері мен салдарын түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырма


1. Қазақстанның кескін картасы берілген.



(a) Картада Қазақстанның аймақтарындағы қазба өндіретін 2 өндіріс орынын шартты белгілер арқылы белгілеңіз.

(b) Осы өндірісте өндірілген қазбаның қоршаған ортаға әсерін сипаттаңыз.

2. Парниктік эффект және озон қабатының бұзылуы - соңғы уақытта әлем жұршылығын толғандырып отырған экологиялық проблемалар.



(a) Сызбаны пайдалана отырып парниктік эффект туралы кестені толтырыңыз.

Парниктік эффект тудыратын газдар	Қайдан пайда болады?	Өсімдіктерге әсері	Жануарларға әсері
CO ₂			
NO; NO ₂			

(b) Сызбадан озон қабатының бұзылуына әкелетін факторларды (себептерді) анықтаңыз.

(c) Озон қабатының бұзылуынан туындайтын салдарларды атаңыз (кемінде 3).

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін сипаттайды	1	кескін картада Қазақстанның аймақтарындағы 2 қазба өндіретін орынды белгілейді;	1
		қазба өндіретін орынды белгілеуде шартты белгіні қолданады;	1
		өндірілген қазбаның қоршаған ортаға әсерін сипаттайды;	1
Парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіреді	2	парниктік эффектіні тудыратын газдардың (CO ₂ , NO; NO ₂) пайда болу жолдарын анықтайды;	2
		парниктік эффектіні тудыратын газдардың өсімдіктерге әсерін түсіндіреді;	2
		парниктік эффектіні тудыратын газдардың жануарларға әсерін түсіндіреді;	2
Озон қабатының бұзылуы себептері мен салдарын түсіндіреді		озон қабатының бұзылуын тудыратын факторларды анықтайды;	1
		озон қабатының бұзылуынан туындайтын 1/2/3 салдарды атайды.	3
Барлығы			13

**«Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімі бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін сипаттайды	Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін сипаттауда қиналады <input type="checkbox"/>	Кескін картада Қазақстанның аймақтарындағы қазба өндіретін өндіріс орындарын белгілеуде, шартты белгілерді қолдануда, өндірілген қазбаның қоршаған ортаға әсерін сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін дұрыс сипаттайды <input type="checkbox"/>
Парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіреді	Парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіргенде қиналады <input type="checkbox"/>	Парниктік эффектіні туындататын газдардың CO ₂ , NO; NO ₂ пайда болу жолдарын анықтауда, өсімдік/жануар ағзаларына әсерін түсіндіргенде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін дұрыс түсіндіреді <input type="checkbox"/>
Озон қабатының бұзылуы себептері мен салдарын түсіндіреді	Озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Озон қабатының бұзылуын тудыратын факторларды, озон қабатының бұзылуынан туындайтын салдарларды анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Озон қабатының бұзылуы себептері мен салдарын түсіндіреді <input type="checkbox"/>

9.1D «Қоректену» және 9.1E «Заттардың тасымалы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары

- 9.1.2.1 Адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау
- 9.1.2.2 Ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату
- 9.1.2.3 Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу
- 9.1.3.1 Активті және пассивті тасымалдарды салыстыру
- 9.1.3.2 Өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру

Бағалау критерийлері

Білім алушы:


- Адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді түсіндіреді
- Ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен ферменттердің арасындағы байланысты орнатады
- Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін талдайды
- Активті және пассивті тапсымалдарды салыстырады
- Өсімдіктердегі транспирация үдерісін түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 минут

Тапсырмалар

1. Диаграммада адамның асқорыту жүйесі мүшелерін көрсетілген.



Диаграммадағы М, L, Р мүшелерінде жүретін үдерістерді сипаттаңыз.


М _____
L _____
Р _____

2. Ас қорыту үдерісінде органикалық биополимерлер белгілі ферменттердің әсерінен қарапайым мономерлерге ыдырайды.

Төмендегі үлгіні пайдалана отырып көмірсулар мен майларды ыдырататын фермент туралы ақпараттарды толықтырыңыз.

фермент	pH (ортасы)	әсер ететін орны	әсер ететін субстрат	өнім
пепсин	қышқылдық	асқазан	нәруыз	аминқышқылдары

3. Биолог пепсиннің белсенді жұмыс жасайтын оптимальды pH ортасын анықтау үшін тәжірибе жасады. Ол ферменттің белсенділігін 4 сынауықта өлшеді. Әр сынауыққа суретте көрсетілгендей 1 см³ (текше) піскен жұмыртқа ақуызын салды. Сонымен бірге зерттеуші жұмыртқа ақуызы текшесінің толық қорытылуына қажетті уақытты белгіледі (өлшеді).




(a) Биолог жұмыртқа нәруызының барлық текшелерінің бірдей мөлшерде болғанын қамтамасыз етті. Себебін түсіндіріңіз.

(b) Бұл тәжірибеде температура бақыланатын болды. Температураны бақылау қажеттігін түсіндіріңіз.

(c) Бір асқорыту ферментінің мысалында ферменттер қалай жұмыс жасайтынын сипаттаңыз.

4. Жасуша мембранасы арқылы өтетін тасымалдың түрлері көрсетілген



(a) B әрпімен көрсетілген тасымал түрін атаңыз. _____

(b) I және II сандарымен көрсетілген тасымал түрлерін салыстырыңыз. _____

5. Оқушы транспирация үрдісін түсіну үшін тәжірибе жасады. Сызбада бірдей үш өсімдіктің сабағы және зерттеу барысындағы іс-әрекет берілген.



Вазелин май тәрізді зат болғандықтан су өткізбейді. Барлық үш өркенді де бірдей жағдайда 1 сағат бойы ұстады. Кестеде зерттеу нәтижесі берілген.

Өсімдік сабағы	Транспирация жылдамдығы
L	16
M	2
N	14

(a) Не себепті M өсімдігі L өсімдігімен салыстырғанда суды баяу буландырғанын түсіндіріңіз.

(b) Транспирация құбылысының өсімдіктер тіршілігі үшін мәнісін түсіндіріңіз.

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор		Балл
		Білім алушы		
Адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді түсіндіреді	1	M мүшесінде жүретін үдерістерді сипаттайды;	1	
		L мүшесінде жүретін үдерістерді сипаттайды;	1	
		P мүшесінде жүретін үдерістерді сипаттайды;	1	
Ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен ферменттердің арасындағы байланысты орнатады	2	көмірсулар мен майларды ыдырататын ферменттер туралы жазады;	1	
Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін талдайды	3	жұмыртқа нәруызының барлық текшелері бірдей мөлшерде болу қажеттігінің себебін түсіндіреді;	1	
		тәжірибеде барысында температура бақылану себебін түсіндіреді;	1	
		ферменттердің қалай жұмыс жасайтынын сипаттайды;	1	
Активті және пассивті тапсымалдарды салыстырады	4	V әрпімен таңбаланған тасымал түрін атайды;	1	
		I және II сандарымен таңбаланған тасымал түрлерінің арасындағы ұқсастықтарды атайды;	1	
		I және II сандарымен таңбаланған тасымал түрлерінің арасындағы айырмашылықтарды атайды;	1	
Өсімдіктердегі транспирация үдерісін түсіндіреді	5	екі өсімдіктің суды буландыру жылдамдығының әр түрлі болу себебін анықтайды;	1	
		транспирация үрдісінің өсімдік үшін мәнісін түсіндіреді.	1	
Барлығы			12	

**«Қоректену» және «Заттардың тасымалы» бөлімдері бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттайды	Адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттауда қиналады <input type="checkbox"/>	Адамның М, L, P асқорыту мүшелерінде жүретін үдерістерді сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Адамның М, L, P асқорыту мүшелерінде жүретін үдерістерді дұрыс сипаттайды. <input type="checkbox"/>
Ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен ферменттердің арасындағы байланысты орнатады	Ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен ферменттердің арасындағы байланысты орнатуда қиналады <input type="checkbox"/>	Көмірсуларды, майларды ыдырататын ферменттуралы ақпарат жазуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен ферменттердің арасындағы байланысты орнатуда қиналады <input type="checkbox"/>
Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін талдайды	Жұмыртқа нәруызының барлық текшелері бірдей мөлшерде болу қажеттігінің себебін түсіндіруге қиналады <input type="checkbox"/>	Жұмыртқа нәруызының барлық текшелері бірдей мөлшерде болу қажеттігінің себебін түсіндіруде, тәжірибеде барысында температураның бақылану себебін анықтауда, ферментінің мысалында ферменттер қалай жұмыс жасайтынын сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін талдайды <input type="checkbox"/>
Активті және пассивті тапсымалдарды салыстырады	Активті және пассивті тапсымалдарды салыстыруда қиналады <input type="checkbox"/>	В әрпімен таңбаланған тасымал түрін атауда, I және II сандарымен көрсетілген тасымал түрлерінің арасындағы ұқсастықтарды/айырмашылықтардатауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Активті және пассивті тапсымалдарды дұрыс салыстырады <input type="checkbox"/>

<p>Өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіреді</p>	<p>Өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіреді</p>	<p>Екі өсімдіктің суды буландыру жылдамдығының әр түрлі болу себебін анықтауда, транспирация үдерісінің өсімдіктер үшін мәнісін түсіндіруде қателіктер жібереді.</p>	<p>Өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін толық түсіндіреді</p>
---	---	--	---

2 – ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

9.2А «Тыныс алу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары

9.1.4.1 Тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру

9.1.4.2 Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты орнату

Бағалау критерийлері

Білім алушы:

- Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстырады
- Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі



Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Төменде тыныс алудың түрлерінің теңдеулері берілген.



Оларды жіктеңіз.

Анаэробты тыныс алу _____ Аэробты тыныс алу _____

2. Анаэробты және аэробты тыныс алудың сипаттамалары бойынша салыстырыңыз.

Салыстыру сипаты	аэробты	анаэробты
жасушада жүретін орны		
түзілетін соңғы өнімдер		
жылдамдығы		
жүру жағдайы		
АТФ саны		
үрдістің ПӘК-і		

3. Не себепті аэробты жаттығулардың анаэробты жаттығуларға қарағанда қарқындылығы төмен екендігін мысалдармен дәлелдеңіз.

4. Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістері мен бұлшықеттің қажуы арасындағы қандай байланыс болатынын анықтаңыз.

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстырады	1	анаэробты теңдеулерді анықтайды;	1
		аэробты теңдеулерді анықтайды;	1
	2	анаэробты және аэробты тыныс алудың түрлерін жасушада жүретін орны бойынша салыстырады;	1
		түзілетін соңғы өнімдерін салыстырады;	1
		жылдамдығын салыстырады;	1
		жүру жағдайын салыстырады;	1
		АТФ санын салыстырады;	1
		үрдістің ПӘК-і салыстырады;	1
Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты көрсетеді	3	аэробты мен анаэробты жаттығуларға арасындағы қарқындылықты түсіндіреді.	1
	4	аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшық еттің қажуы арасындағы байланысты анықтайды.	1
Барлығы			10

«Тыныс алу» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Анаэробты және аэробты тыныс алуы салыстырады	Анаэробты және аэробты тыныс алуы салыстыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Тыныс алудың берілген аэробты теңдеулерді анықтауда, аэробты анаэробты тыныс алу үрдістерін салыстыруда жасушада жүретін орнын анықтауда/түзілетін соңғы өнімдерді атауда/ жылдамдығы/жүру жағдайын көрсетуде/АТФ санын табуда/ үрдістіңПӘК-інанықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Анаэробты және аэробты тыныс алуы салыстырады <input type="checkbox"/>
Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты көрсетеді	Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты көрсетуде қиналады <input type="checkbox"/>	Аэробты жаттығулардың анаэробты жаттығуларға қарағанда қарқындылығы төмен болу себебін түсіндіруде, анаэробты және аэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Аэробты және анаэробты тыныс алу үрдістерімен бұлшықеттің қажуы арасындағы байланысты көрсетеді <input type="checkbox"/>

9.2В «Бөліп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары

- 9.1.5.1 Нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;
- 9.1.5.2 Фильтрация және несептің түзілу үрдістерін сипаттау
- 9.1.5.4 Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауыруларының алдын алу жолдарын түсіндіру
- 9.1.5.5 Өртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату

Бағалау критерийлері

Білім алушы:

- Нефронның құрылысы мен қызметін сипаттайды
- Фильтрация және несептің түзілуін түсіндіреді
 - Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауыруларының алдын алу жолдарын түсіндіреді
 - Өртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнатады

Ойлау деңгейі


дағдыларының Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

1. Суретте нефрон берілген.



(a) Суреттегі О,Р,Q әріптерімен берілген құрылымдарды сипаттаңыз.

O _____

P _____

Q _____

(b) Фильтрация үрдісі жүретін бөлік қай әріппен берілгенін анықтаңыз.

2 (a) Реабсорбция үрдісі нефронның қай бөліктерінде жүзеге асатынын көрсетіңіз.

(b) Реабсорбция үрдісінің механизмін түсіндіріңіз.

3. Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларының алдын алу жолдарын ұсыныңыз.

	аурудың атауы	себебі	алдын алу жолдары
зәр шығару жүйесі мүшесі			
бүйрек			

4. Адамның зат алмасуының соңғы азоттық өнімі- несепнәр. Несепнәрдің артықшылықтарын (кемінде 2) түсіндіріңіз.

5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Шаянда ыдырау өнімдері ағзадан аммиак, ал жәндіктерде несеп қышқылы түрінде шығарылатыны белгілі.

Ыдырау өнімдерін сыртқа осылай шығару әдісінде қандай да бір биологиялық мән бар ма әлде бұл кездейсоқтық па?

Шаян мен жәндіктердің зәр шығару мүшелері жұмысында қандай айырмашылық бар және ол мекен ету ортасымен қалай байланысты?

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Нефронның құрылысы мен қызметін сипаттайды	1	О әріпімен берілген құрылымды сипаттайды;	1
		Р әріпімен берілген құрылымды сипаттайды;	1
		Q әріпімен берілген құрылымды сипаттайды;	1
		нефронның фильтрация үрдісі жүретін бөлігін анықтайды;	1
Филтрация және несептің түзілуін түсіндіреді	2	реабсорбция үрдісі нефронның қай бөліктерінде жүзеге асатынын көрсетеді;	1
		реабсорбция үрдісінің механизмін түсіндіреді;	1
Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіреді	3	зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларын атайды;	1
		себепін анықтайды;	1
		алдын алу жолын ұсынады;	1
Өртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнатады	4	несепнәрдің адамның зат алмасуының соңғы азоттық өнімі болуының артықшылықтарын түсіндіреді;	1
	5	шаян мен жәндіктердің азоттық өнімдерінің әр түрлі болуының биологиялық мәнін анықтайды;	1
		шаян мен жәндіктердің зәр шығару мүшелері қызметіндегі айырмашылықты мекен ету ортасымен байланыстырады.	1
Барлығы			12

**«Бөліп шығару» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Нефронның құрылысы мен қызметін сипаттайды	Нефронның құрылысы мен қызметін сипаттайды <input type="checkbox"/>	Нефронның құрылысындағы О, Р, Q құрылымдардың сипаттауда, нефронның фильтрация үрдісі жүретін бөлігін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Нефронның құрылысы мен қызметін дұрыс сипаттайды <input type="checkbox"/>
Фiltrация және несептің түзілуін түсіндіреді	Фiltrация және несептің түзілуін түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Нефронның реабсорбция үрдісі жүретін бөлігін көрсетуде, реабсорбция үрдісінің механизмін сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Фiltrация және несептің түзілуін түсіндіреді <input type="checkbox"/>
Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіреді	Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларының алдын алу жолдарын ұсынуда қиналады <input type="checkbox"/>	Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларын атауда/ себебін анықтауда/алдын алу жолдарын ұсынуда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Зәр шығару жүйесі мүшелері мен бүйрек ауруларының алдын алу жолдарын толық түсіндіреді. <input type="checkbox"/>
Өртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнатады	Өртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнатады <input type="checkbox"/>	Несепнәрдің адамның зат алмасуының соңғы азоттық өнімі болуындағы артықшылықтарын дәлелдеуде, шаян мен жәндіктердің азоттық өнімдерінің әр түрлі болуының биологиялық мәнін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Өртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнатады <input type="checkbox"/>

9.2 С «Координация және регуляция» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары

- 9.1.7.1 Жүйке ұлпасының құрылысы мен атқаратын қызметі арасындағы байланысты қалыптастыру
- 9.1.7.3 Жүйке импульсінің туындауы мен өтуін сипаттау
- 9.1.7.5 Ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау-гомеостаз механизмін түсіндіру
- 9.1.7.6 Өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау

Бағалау критерийлері

Білім алушы:


- Жүйке ұлпасының құрылысы мен атқаратын қызметі арасында байланыс орнатады
- Жүйке импульсінің туындауы мен өтуін түсіндіреді
- Ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау-гомеостаз механизмін түсіндіреді
- Өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 20 мин

Тапсырма

1. Сызбада жүйке ұлпасының құрылымдық және функционалдық бірлігі - нейрон берілген.




(a) Сызбада А әрпімен таңбаланған құрылымды атаңыз.

(b) Сызбадағы Е әрпімен таңбаланған құрылымның атқаратын қызметін сипаттаңыз.

(c) Нейронның атқаратын қызметі мен құрылысы арасындағы байланысты сипаттаңыз.

2. Сызбада жүйке импульсының туындауын және өтуін сипаттайтын график берілген.




Деполаризация, реполяризация, гиперполяризация, тыныштық потенциалы кезеңдері мен 1-4 сандарының арасындағы сәйкестікті анықтаңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

3. Қалыпты жағдайдағы адам қанында глюкоза мөлшері шамамен 100 мл 90 мг құрайды. Глюкоза деңгейінің реттелуі - эндокриндік және жүйке жүйелерімен бақыланатын гомеостаздың мысалы. Сіз тамақтанғаннан кейін қанда глюкоза мөлшері артып кетеді.

(a) Қандағы глюкозаның деңгейінің реттелу механизмін түсіндіріңіз.

4. Сызбада өсімдіктердің өсуіне әсер ететін затты анықтау үшін жасалған Ч.Дарвиннің тәжірибесі берілген.



(a) Ч.Дарвин анықтаған өсімдіктердің өсуіне әсер ететін затты атаңыз.

(b) Суретті пайдалана отырып Ч.Дарвин анықтаған заттың өсімдіктерге қалай әсер ететінін сипаттаңыз.

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Жүйке ұлпасының құрылысы мен атқаратын қызметі арасында байланыс орнатады	1	А әрпімен таңбаланған нейронның құрылымын атайды;	1
		А әрпімен таңбаланған нейронның құрылымының атқаратын қызметін сипаттайды;	1
		нейрон құрылысы мен атқаратын қызметі арасындағы байланысты сипаттайды;	1
Жүйке импульсінің туындауы мен өтуін түсіндіреді	2	деполяризация;	1
		реполяризация;	1
		гиперполяризация;	1
		тыныштық потенциалы кезеңдерін анықтайды;	1
Ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын сақтау-гомеостаз механизмін түсіндіреді	3	қандағы глюкозаның деңгейінің реттелу механизмін түсіндіреді;	1
Өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдайды	4	өсімдіктің өсуіне әсер ететін затты анықтайды;	1
		Ч.Дарвиннің тәжірибесін сипаттайды.	1
Барлығы			10

**«Координация және регуляция» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары
Жүйке ұлпасының құрылысы мен атқаратын қызметі арасында байланыс орнатады	Жүйке ұлпасының құрылысы мен атқаратын қызметі арасында байланыс орнатуда қиналады <input type="checkbox"/>	Нейронның құрылымдық элементін атауда/атқаратын қызметін көрсетуде/ атқаратын қызметі мен құрылысы арасындағы байланысты сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Жүйке ұлпасының құрылысы мен атқаратын қызметі арасында байланыс орнатады <input type="checkbox"/>
Жүйке импульсінің туындауы мен өтуін түсіндіреді	Жүйке импульсінің туындауы мен өтуін түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Деполаризация/реполяризация/ гиперполяризация/ тыныштық потенциалы кезеңдерін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Жүйке импульсінің туындауы мен өтуін дұрыс түсіндіреді <input type="checkbox"/>
